АКТУАЛЬНО

ДЕПУТАТЫ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ХОТЯТ ВИДЕТЬ КАРАГАНДУ ЗЕЛЕНОЙ И КОМФОРТНОЙ

Депутаты карагандинского городского маслихата 23 июля провели совещание с представителями районных акиматов и пригласили начальство управления парками, заслушав их отчеты о зеленых насаждениях в городе. Высказали претензии ответственным лицам и снова дали рекомендации, чтобы изменить ситуацию с деревьями в Караганде к лучшему.

В начале встречи народные избранники заслушали доклад заместителя акима района имени Казыбек би Дидара Кабаева. По его словам в период с 2021 по 2023 год на территории района на бюджетные средства было посажено 1291дерево - ели, тополя, березы, яблони. Высаживали их вдоль улицы Сарыарка, в сквере по пр.Республики и вдоль улиц Ашимова и Таттимбета.

Проведенные обследования показали, что деревья прижились.

С 2023 по 2025 годы посажено 1820 деревьев - 1000 тополей в районе аэропорта, 200 берез вдоль пр. Республики (около «Церкви»), 620 деревьев - в районе кинотеатра имени Ленина. Сажали ели, яблони и тополя.

Вместе с тем, со слов Дидара Дауыровича, в 2021 году было выдано пять разрешений на вырубку 87 деревьев. В рамках компенсационной посадки высажено 435 деревьев.

В 2022 году было дано 12 разрешений на вырубку 178 деревьев, в рамках компенсации было посажено 1340 деревьев.

В 2023 году было дано 9 разрешений на вырубку 104 деревьев,

в рамках компенсации из 1040 деревьев посажено 673 (По 367 деревьям - направлено 3 уведомления).

В 2024 году было выдано 28 разрешений на вырубку 378 деревьев, в рамках компенсации из 3780 деревьев посажено 1210.

В 2025 году выдано 20 разрешений на вырубку 901 деревьев, в рамках компенсации из 9010 деревьев было посажено 347 (По 8663 деревьям - направлено 18 уведомлений).

Депутаты запросили у заместителя акима Казыбек-бийского района полную информацию о тех, кому были выданы разрешения на вырубку деревьев, с условием компенсационной вырубки. Напомним, в последние годы действует правило - тот кто вырубает деревья с разрешения властей, должен высадить новые в десятикратном размере.

- Можно нам всю эту информацию? Кто вам конкретно заявки подал, потому что есть информация что те, кто официально получил разрешение, среди них есть плохие люди, которые не выполняют обязательства по компенсационной посадке. Дайте информацию. Мы с коллегами разделимся и помогать вам будем, - заявил депутат Бахтияр Омарханов.

В отчете прозвучала и информация о работах по подрезке зелёных насаждений. Между ГУ «Аппарат акима района им.Казыбек би г.Караганды» и ТОО «СМК XXI» заключен договор на сумму около 64 миллионов тенге.

С февраля текущего года проводятся работы по подрезке зеленых насаждений вдоль улично-дорожной сети с целью обеспечения видимости дорожных знаков, светофоров, опор освещения и пешеходных переходов. Работы охватили улицы Аманжолова, Чкалова, Сейфуллина, Сарыарка, Бухар-Жырау, Шахтёров, Муканова, Язева, Университетская, Таттимбета, Абая, Назарбаева, Нуркена Абдирова, Лободы, Гоголя, Ерубаева и другие.

Вместе с тем ведутся работы по подрезке зеленых насаждений на дворовых территориях. На сегодняшний день выполнены работы на территории 112 дворов. Заключен договор с ТОО «МансурСтройИнвест» на сумму около 37 миллионов тенге.

Выслушали депутаты и отчет о зеленых насаждениях представителя акимата района Алихана Бокейхана. И хотя на словах все, вроде, благополучно, у депутатов скопилось немало претензий к состоянию зеленых насаждений в городе.

В Караганде по-прежнему недостаточно комфортных зон, считает депутат Михаил Кузив. К примеру, все остановки, которые идут на ДК Нового Майкудука от поселка Западный, стоят без деревьев, на открытой местности. А ведь их тоже можно было озеленить. Да и вообще, сколько у нас мест, где можно посадить 10-15 деревьев и комфорт будет совсем другой. Взять хотя бы улицу Чкалова. Туда перевели социальный отдел, в который обращаются все социально уязвимые слои населения. Перед фасадной частью там установлены лавочки. Но нет озеленения. В итоге площадка и лавочки нагреваются летом и сидеть там весьма некомфортно. А рядом с ОблГАИ ситуация противоположная: кругом зелень и совсем нет лавочек. У ЦУМа осталось одно живое дерево с незапамятных времен. Скоро и его не станет. А ведь ранее там были деревья и комфортные зоны.

- Я уже не говорю о Дворце Горняков. Лавочки разбросаны везде. Даже неприятно смотреть. Или взять рынок «Алтын Арба». Все на солнцепёке стоят. Где комфортная зона? Где дерево? Я могу дальше перечислять. Дорога на шахту Кировская на балансе города. Почему бы туда не сделать два ряда деревьев с двух сторон. Вот этими комфортными зонами заниматься бы тресту по озеленению, ведь такое уже было в нашей жизни. Трест бы занимался и озеленением и убирал бы сухостой, - предложил Михаил Петрович.

К критике присоединился и депутат Равиль Садыков. Его претензия была по поводу падающих из-за сильного ветра деревьев в городе. Недавно дерево упало на детскую площадку.

- У нас с корнями деревья попадали. Почему? Потому, что подрезку неправильно сделали, формирование. От дождя набухло, листья повылазили, ветер подул и дерево упало. Потому что корневая система слабая у этого дерева. Не делают подрезку правильно, - обратился к замакима района им. Казыбек би депутат Садыков.

В очередной раз депутаты в обсуждении подняли вопрос, что городским озеленением должна заниматься соответствующая специализированная организация, а не районные акиматы.

- Как деревья падали, как не ухаживали, как не было нормальной посадки. Так это и будет продолжаться. Мы будем снова собираться спорить, обсуждать. Мы должны объединиться и нашей общей победой на долгое время будет, создание этой специальной организации в Караганде, где будут соответствующие специалисты, оборудование и техника. То, что вопрос включили в повестку на следующую сессию городского маслихата, я думаю, это здорово. Я ни в коем случае не обесцениваю это и другие совещания по этому вопросу. Но пора уже, выделить отдельное направление. У акиматов и других вопросов достаточно, - сказал депутат Бахтияр Омарханов.

Антон Иванов

Қарағанды қалалық мәслихатында

БАЗАРЛАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ

арағанды қалалық мәслихаты тұрақты комиссияларының бірлескен отырысын қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қысқаша кіріспе сөзбен ашып, күн тәртібін жариялаған соң отырысты одан әрі жүргізу үшін сөзді мәслихаттың экономика, даму бағдарламасы, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Денис Дедовқа берді.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысына Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дастан Құдабаев, Қарағанды облысы Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі департаменті басшысының орынбасары Мадияр Түлкібаев, Қарағанды қаласы Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мұрат Тоқбаев қатысты.

Отырысты жүргізген Денис Дедов сөзінің кіріспесінде Қазақстандағы базарлады жаңғыртудың маңызына тоқталып өтты.

- Базарларды жаңғырту, - деді Денис Витальиевич, – бұл заманауи және технологиялық объектілердің талаптарына сәйкес тұрақты және көшпелі сауда орындарының пайдалануын жүргізуге бағытталған кешенді шара. Базарларды жаңғыртудың тұтынушыларға да, кәсіпкерлерге де аса қажет екендігін атап өтуіміз қажет. Өңірлердегі базарларды жаңғырту жекелей инвестицияның арқасында жүзеге асырылады. Мұндай реформа жасаудың басты себебінің бірі – 2015 жылы Алматы қаласындағы ірі базардың өртке орануы болды. Сонда қала салу нормасына және өрт қауіпсіздігіне объектінің сәйкессіздігі салдарынан жүздеген кәсіпкерлердің бүкіл мүлкі жанып кетті. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы сауда қызметін ретке келтіру заңнамасына өзгеріс енгізу қажет болды. Заңда сатушылардың талаптарына сәкес қоймалардан, тұрақтардан тұратын алаңшаларға тәуелді тұрақты сауда объектілерінің санаттары пайда болды. Сонымен қоса жалдау келісім-шартына сәйкес жалдаушылардың құқықтық міндеттемесін бекітетін түзетулер де енгізілді. Бейберекет сауда қатарларын кассалық аппараттармен, тұрақтармен және басқа да қажетті инфрақұрылымдармен жабдықталған ретті, заманауи ғимараттарға көшіру қажеттігі көрсетілді. Елімізде осы заманға базарларға сәйкес стандарттардың белгіленгені белгілі. Енді бұрынғы бейберекет сауда орындары алынып тасталды. Қазіргі базарлар санитарлық және өрт қауіпсіздігінің талаптарына сай келетін сауда орындары бар, сатушылар тұрақтармен және онлайн саудаға лайықты аппараттармен жабдықталған болуы қажет. Дегенмен, орнығып қалған жүйе реформаны жүзеге асырудың заңда талап етілген мерзімінде орындауға мүмкіндік бермегені рас. 2023 жылдың басында ҚР Сауда және интеграция министрлігі базарларда жаңғырту жүргізудің «Жол картасын» қабылдап, жұмысты аяқтап шығудың соңғы мерзімін белгіледі. Онда егер 2026 жылға дейін жаңғыртылған базар пайдалануға берілмесе, базар иелерінің жауапқа тартылатыны анық көрсетілді. Кейбір базарлардың заңда көзделгендерге әлі де сәйкес келмейтіндігін бәріміз де көріп жүрміз. Мұның өзі тұрғындар, біздің сайлаушылар тарапынан реніштер туғызып жатыр. Соған орай бүгінгі отырысымызда осы мәселені талқылағанды жөн көрдік.

Алғашқы сөз Қарағанды облыстық сауда және тұтынушылар құқығы департаменті басшысының міндетін атқарушы Мадияр Түлкібаевқа берілді. Ол жаңартуға жататын бес базарды – «Алтын Арба», «Шығыс», «Тұлпар», «Қайрат», «Горняк» базарларын атап өтіп, «Жол картасында» көрсетілген мерзімде жұмысты аяқтап шықпағандардың әкімшілік жауапқа тартылатынына ғана тоқтады. Жал басынан бері базар иелеріне қанша жиын өткізілгені туралы қойылған сұраққа жауап бере алмады.

Сондықтан бұл сұраққа Қарағанды қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мұрат Тоқбаевтың жауап беруіне тура келді. Ол жыл басынан бері оншақты жиын өткізілгенін айа келіп, аталған базарларда жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстарын әңгімелеп кетті.

«Шығыс» базары бойынша өзіндік қаражат есебінен 1,2 млрд. тг инвестиция салу жоспарланып отыр. 5700 шаршы метр жабық алаң іске қосылмақ. Қазір бетондау жұмысы жүргізіліп жатыр. Жыл аяғына дейін толық аяқталады.

«Тұлпар» базары бойынша барлық құжаттары дайын. Қазір барлық құрылыс жабдығы жеткізілген. Үш жеке корпустан тұратын павильондар салынбақ.

«Горняк» базарын жаңғырту үшін өзіндік қаражат есебінен 550 млн. тг қаражат салынды. «Евразия» банкінде қазір ақша жоқ. Шешімді күтіп отырмыз. Ақша түсісімен жаңғырту жұмысы басталады.

«Алтын Арба» базарына салынған инвестиция көлемі өз қаражаты есебінен 3 млрд. тг шамасында. Қазір жаңғыртудың екінші кезеңі жүзеге асырылып жатыр.

«Қайрат» базары жұмыс істемейді деп айтуға болады. Сауда павильонында ескі, кеңестік замандағы жабдықтар. Қазір сот талқылауы басталған. Егер оң шешім шығарылатын болса, бұл базардың аумағында оқушылар сарайы салыну жоспарланып отыр.

Бұдан соң депутаттар көптеген сұрақтар қойды. Оның ішінде контейнерлерден сауда жасау мәселесі де болды.

Отырысты мәслихат төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қорытындылай келіп, кенеттен пайда болатын сауда орындарын аралап көруді ұсынды. Жаздың жайдары күндерінде базарларды жаңғырту жұмыстарын табысты жүргізуге қолайлы сәт екендігін атап өтті.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

ТИІМДІ АЛДЫН АЛУ ҮШІН РАДИКАЛДАНУДЫҢ СЕБЕПТЕРІН ТҮСІНУ

Қазіргі таңда радикалдану мен діни экстремизм мәселесі жаһандық сипат алып, көптеген елдердің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп отыр. Қазақстан үшін де бұл мәселе өзекті. Радикалданудың алдын алу шаралары тек сыртқы бақылаумен немесе жазалаумен шектелмей, оның түпкі себептерін терең ұғыну арқылы ғана нәтижелі болмақ. Бұл – қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі басты қағида. Сондықтан радикалдануға жетелейтін себептерді түсіну – алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыратын ең маңызды алғышарттардың бірі.

Радикалдану - бұл адамның қоғамның жалпы қабылдаған нормаларынан, дәстүрлі түсініктерінен, құқықтық және зайырлы жүйеден бас тартып, экстремистік немесе террористік идеологияны қабылдауға дейінгі психологиялық, әлеуметтік және дүниетанымдық өзгерістерге ұшырауы. Ол бір күнде туындамайды. Бұл – ұзақ әрі күрделі үдеріс, ал оның қозғаушы күштері көбіне тереңде жатыр.

Біріншіден, радикалдануға апаратын басты себептердің бірі - әлеуметтік әділетсіздік сезімі. Жастардың өмірдегі өз орнын таба алмауы, жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік пен қоғамда әділеттіліктің болмауы – адамның көңіл күйіне кері әсер етіп, оны балама жолдарды іздеуге итермелейді. Кейбір жастар өмірден мән таба алмай, өздерін қоғамнан шет сезінеді. Мұндай жағдайда оларды арбау оңай. Радикалды топтар оларды «шындықты айтып беретін», «әділдік үшін күресетін» жалғыз күш ретінде көрсетіп, идеологиялық ықпалын жүргізеді.

Екіншіден, діни сауатсыздық пен білімсіздік – радикалдануға итермелейтін тағы бір маңызды фактор. Әсіресе жастар арасында діннің мәнін терең түсінбеу, Құран мен хадистерді өзінше немесе бұрмаланған түрде қабылдау жиі кездеседі. Діни мәтіндерді контекстен жұлып алып түсіндіру, тарих пен шариғат нормаларын үстірт қарастыру - адасуға алып келеді. Мұндай олқылықты радикалды топтар тиімді пайдаланады. Олар шала сауатты жастарға өздерінің теріс идеологиясын «таза дін» ретінде ұсынып, ақиқатты тек солардан ғана табуға болатынын сендіреді.

Үшіншіден, отбасылық тәрбие мен рухани бос кеңістіктің болуы да үлкен рөл ойнайды. Көптеген жағдайларда радикалданған адамдардың отбасында рухани байланыс әлсіз, ата-ана мен бала арасында сенімді диалог жоқ. Кейде ата-ананың тым қатал немесе керісінше, бей-жай қарым-қатынасы баланың ішкі әлемінде қуыстық тудырып, оны сыртқы көздерден «тірек» іздеуге мәжбүрлейді. Осындай рухани вакуумды радикал топтар «қамқорлық», «бауырластық» деп толтыра бастайды.

Төртіншіден, интернет пен әлеуметтік желілердегі деструктивті контенттің таралуы да бүгінгі заманның басты қауіптерінің бірі. Ақпарат кеңістігінде нақты сүзгі болмағандықтан, жастар түрлі видеоларды, насихаттық материалдарды көріп, соларға еліктейді. Арнайы алгоритмдер арқылы олардың қызығушылығы үнемі бір бағытқа бағытталып, радикалды идеологияны шынайы шындық ретінде қабылдай бастайды. Онлайн-платформаларда радикалдар жиі эмоционалды, әсерлі контентпен жұмыс істеп, жастарды «ойлануға», «оятуға» шақырады. Бұл психологиялық манипуляцияның ең қауіпті түрі.

Бесіншіден, қоғамдағы қатып қалған стереотиптер мен маргинализация да радикалдану процесіне ықпал етеді. Кейбір жастар өз дінін ұстанғаны үшін қоғам тарапынан кемсітушілікке ұшыраса, олар өзін қорғау қажеттігін сезінеді. Мұндай ортада радикалды топтар өзін «қорғаушы күш» ретінде көрсетіп, «шынайы діндарлар» мен «дүниеқоңыз күпір қоғам» арасындағы күрес ұғымын енгізеді. Бұл - «біз және олар» деген бөліністі қалыптастырып, қоғаммен байланысты үзіп тастайды.

Осы себептердің бәрі – бір адамның немесе бір мекеменің ғана жауапкершілігімен шешілетін дүние емес. Бұл – тұтас қоғамның, әсіресе білім беру, ақпарат құралдары, діни мекемелер мен құқық қорғау органдарының бірлесе атқаратын күрделі миссиясы.

Радикалданудың алдын алу үшін ең алдымен ауқымды діни-ағартушылық жұмыс жүргізілуі тиіс. Діннің шынайы мазмұнын, оның гуманистік, бейбітшіл мәнін түсіндіру маңызды. Бұл бағытта дәстүрлі дін өкілдерінің, теологтар мен дінтанушылардың, имамдардың үні нақты, тұшымды және сенімді болуға тиіс.

Сондай-ақ отбасылық институттың рөлін нығайту, мектептер мен колледждерде тәрбие жұмысына ерекше көңіл бөлу – радикалдануға жол бермеудің тиімді тетіктерінің бірі. Баланың еркін ойлауын, өзін-өзі тануын дамыту арқылы біз оны кез келген манипуляциядан қорғай аламыз.

Ақпараттық қауіпсіздік те күн тәртібінен түспеуі тиіс. Радикалды контентпен күресудің заманауи тәсілдерін меңгеріп, әлеуметтік желілер мен платформаларда балама, сапалы, мазмұнды дүниелер ұсыну – бұл жастарды тартымды әрі қауіпсіз ақпаратпен қамтамасыз етудің жолы.

Ең бастысы – түсіну мен сенімге негізделген қоғам құру. Әр азаматтың өз пікірін айтуына, діни сенімін еркін ұстануына жағдай жасау, бірақ оны заң мен тәртіп шеңберінде іске асыру – радикалдануға тосқауыл бола алады. Ашықтық, диалог, өзара құрмет пен төзімділік – қоғамды экстремизм мен радикализмнен қорғайтын басты қалқан.

Н.Қалқаман,
Облыстық АТТ мүшесі